ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНЫҢ АТЫНАН ШЕШІМ

2025 жылғы 27 ақпан Іс №1513-25-00-2/145 Ақтөбе қаласы

Ақтөбе облысының мамандандырылған ауданаралық экономикалық соты құрамында:
төрағалық етуші судья Р.Б.Кустанов,
сот отырысының хатшысы А.М.Мамай отырып,
сот ғимаратында ашық отырысында қойылған талап бойынша электрондық азаматтық істі қарады:

ТАЛАП ҚОЮШЫ:
Қазақстан Республикасы Ауыл шаруашылығы министрлігі Ветеринариялық бақылау және қадағалау комитетінің «Республикалық ветеринариялық зертхана» шаруашылық жүргізу құқығындағы республикалық мемлекеттік кәсіпорны

ЖАУАПКЕР:
жеке кәсіпкер Ким Павел Робертович

ТАЛАП ҚОЮШЫНЫҢ ТАЛАБЫ:
мемлекеттік сатып алуға жосықсыз қатысушы деп тану

СОТҚА ҚАТЫСҚАНДАР:
талап қоюшының өкілі Р.К.Елюбаев

СИПАТТАУ БӨЛІГІ:

2024 жылғы 12 тамызда Қазақстан Республикасы Ауыл шаруашылығы министрлігі Ветеринариялық бақылау және қадағалау комитетінің «Республикалық ветеринариялық зертхана» шаруашылық жүргізу құқығындағы республикалық мемлекеттік кәсіпорнының Ақтөбе облыстық филиалы (тапсырыс беруші) мен жеке кәсіпкер Ким Павел Робертович (өнім беруші) арасында «Бағалы ұсыныстарға сұраным» мемлекеттік сатып алудың қорытындылары негізінде №010341001749/240095/00 мемлекеттік сатып алу шарты жасалған.

Өнім беруші шарттың №1 қосымшасына және техникалық ерекшелікке сәйкес, жалпы сомасы 50 500 теңгеге 50 килограмм акрилді

бояу тауарын тапсырыс берушінің өтініші берілген күннен бастап 15 күнтізбелік күн ішінде жеткізуге міндеттелген.

Шарт қол қойған күннен бастап күшіне енеді және 2024 жылдың 31 желтоқсанына дейін қолданылады.

Шарттың орындалуын қамтамасыз ету сомасы жауапкермен 2024 жылғы 27 тамызда енгізілген.

Талап қоюшы тарапынан өтінім 2024 жылғы 13 желтоқсанда жолданған, яғни, 2024 жылғы 28 желтоқсанға дейін. Алайда, 28 желтоқсан демалыс күніне түсуіне байланысты жеткізу мерзімі 30 желтоқсан болып есептеледі.

Жауапкер тарапынан шарттық міндеттемелер орындалмаған.

Талап қоюшы сотқа талап қою беріп, онда шарттық міндеттерін орындамағаны үшін жауапкерді мемлекеттік сатып алуға жосықсыз қатысушы деп тануды талап еткен.

Жауапкерден талап қоюға қарсы пікір түскен жоқ.

Сот отырысында талап қоюшының өкілі талап қоюды қолдап, қанағаттандыруды сұрады.

Сот отырысының уақыты мен орны туралы тиісті хабарландырылғанымен жауапкер белгісіз себептермен сот отырысына қатысқан жоқ.

Қазақстан Республикасының Азаматтық процестік кодексінің 196-бабының 6-бөлігінің (әрі қарай-АПК) талаптарын басшылыққа алып, сот істі жауапкердің қатысуынсыз қарауды ұйғарды.

<u>ҰӘЖДЕУ БӨЛІГІ:</u>

Қазақстан Республикасының Азаматтық кодексінің 272, 277 баптарына сәйкес (әрі қарай - АК), міндеттеме - міндеттеме шарттары мен заң талаптарына сәйкес тиісінше және уақытылы орындалуға тиіс.

«Мемлекеттік сатып алу туралы» Қазақстан Республикасының Заңының (бұдан әрі - Заң) 12-бабының 4-тармағына сәйкес (құқықтық қатынастар кезінде әрекет етті), мемлекеттік сатып алуға жосықсыз қатысушылардың тізілімі: өздерімен жасалған мемлекеттік сатып алу туралы шарттар бойынша өз міндеттемелерін орындамаған не тиісінше орындамаған өнім берушілердің тізбесін білдіреді. Тапсырыс беруші өзіне өнім берушінің Қазақстан Республикасының мемлекеттік сатып алу туралы заңнамасын бұзу фактісі туралы белгілі болған күннен бастап күнтізбелік отыз күннен кешіктірмей, осындай әлеуетті өнім берушіні немесе өнім берушіні мемлекеттік сатып алуға жосықсыз қатысушы деп тану туралы талап арызбен сотқа жүгінуге міндетті.

Талап қоюшының тарапынан күнтізбелік 30 күн ішінде сотқа жүгіну мерзімі сақталған.

Сот отырысында анықталғандай, тараптар арасында жасақталған мемлекеттік сатып алу туралы шарт бойынша тауарды жеткізу мерзімі 2024

Құжатқа қол қойылған: Кустанов Р. Б., 28.02.2025

Заңды күшіне енген күні: 08.04.2025, судья Кустанов Р. Б., 17.10.2025

жылғы 30 желтоқсанға дейін деп белгіленген, алайда, жауапкер тарапынан шарттың міндеттемелері орындалмаған.

АК-нің 359-бабына сәйкес жауапкер шарттық міндеттемені тиісті дәрежеде орындау үшін өзіне байланысты шаралардың барлығын қолданғандығы туралы сотқа қандай да бір дәлел ұсынған жоқ.

Мемлекеттік сатып алу заңнамасына сәйкес жауапкермен шарттың орындалмау салдары оны мемлекеттік сатып алуға жосықсыз қатысушы деп тануға негіз болып табылады.

Сот, жауапкермен шарттық міндеттеменің орындалмау салдарынан талап қоюшы шарт жасасу кезінде үміт артуға құқылы болғанынан едәуір дәрежеде айрылып қалғанын ескере отырып, талап қою қанағаттандыруға жатады деп санайды.

Талап қоюшының 2024 жылғы 13 желтоқсандағы жолданған өтінімінен талап қоюшы жауапкерге үш жұмыс күні ішінде тауарды жеткізуін сұраған, алайда, аталған мерзімдер заңға қайшы болып келеді, сондықтан тауарды жеткізу мерзімі 2024 жылғы 30 желтоқсанға дейін деп белгіленген.

Жоғарыда көрсетілген мән-жайлар негізінде, жауапкердің мемлекеттік сатып алу туралы келісім-шарт бойынша өз міндеттемесін орындамағандығын ескере отырып, сот талап қоюшының жауапкерді мемлекеттік сатып алуға жосықсыз қатысушы деп тану туралы талап қоюы қанағаттандырылуға жатады деп тұжырымдайды.

АПК-нің 117-бабына сәйкес, жауапкерден жергілікті бюджетке 1 846 теңге мөлшерінде мемлекеттік баж салығы өндіріледі.

<u>ҚАРАР БӨЛІГІ:</u>

АПК-нің 223-226, 229-баптарын басшылыққа ала отырып, сот

ШЕШІМ ЕТТІ:

Талап қоюшы Қазақстан Республикасы Ауыл шаруашылығы министрлігі Ветеринариялық бақылау және қадағалау комитетінің «Республикалық ветеринариялық зертхана» шаруашылық жүргізу құқығындағы республикалық мемлекеттік кәсіпорынының талап қоюы - қанағаттандырылсын.

Жеке кәсіпкер Ким Павел Робертович мемлекеттік сатып алудың жосықсыз қатысушысы деп танылсын.

Жеке кәсіпкер Ким Павел Робертовичтен жергілікті бюджетке 1 846 (бір мың сегіз жүз қырық алты) теңге мөлшерінде мемлекеттік баж салығы өндірілсін.

Шешімге Қазақстан Республикасы Азаматтық процестік кодексінің төрт жүз үш төрт жүз төртінші-баптарының талаптарын сақтап, Ақтөбе облысының мамандандырылған ауданаралық экономикалық соты арқылы Ақтөбе облыстық сотының азаматтық істер жөніндегі сот алқасына, осы кодексте белгіленген жағдайларды қоспағанда, апелляциялық шағым,

Құжатқа қол қойылған: Кустанов Р. Б., 28.02.2025

Заңды күшіне енген күні: 08.04.2025, судья Кустанов Р. Б., 17.10.2025

прокурордың өтінішхаты шешім түпкілікті нысанда шығарылған күннен бастап берілуі, ал сот талқылауына қатыспаған тұлғалар өздеріне шешімнің көшірмелері жіберілген күннен бастап бір ай ішінде беруі мүмкін.

Судья Р.Б.Кустанов

Құжатқа қол қойылған: Кустанов Р. Б., 28.02.2025

Заңды күшіне енген күні: 08.04.2025, судья Кустанов Р. Б., 17.10.2025

«Төрелік» ақпараттық жүйесі
Сот өндірісі
Судопроизводство
Информационная система «Төрелік»

1513-25-3-1/80